

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу және метрология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 1124 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу және метрология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
техникалық реттеу және метрология мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., №

6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130- құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2,3,7,9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28 -құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электрондық ақша мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 317-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«317-бап. Техникалық реттеу саласындағы заңнаманы бұзу

1. Техникалық реттеу саласындағы заңнаманы:

1) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді шығару ж ә н е ө т к і з у ;

2) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келмейтін өнімді бөлшек сауда ұйымдарында, базарларда сатуға шығару;

3) сәйкестігі міндетті растауға жататын, сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларациясы жоқ өнімдерді, сондай-ақ ол қолдан жасалған, қолданылу мерзімі өткен немесе тоқтатыла тұрған жағдайда оны импортқа шығару және (немесе) өткізу;

4) сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу ережелерін б ұ з у ;

5) сәйкестік сертификатын негізсіз беру немесе қолданылу күшін растау, сол сияқты сәйкестік туралы декларацияны, өтініш-декларацияны мәлімдеуді негізсіз қабылдау н е м е с е т і р к е у ;

б) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде міндетті сәйкестікті растау саласында аккредиттелмеген жұмыстарды жүзеге асыру түрінде жасалған бұзушылық,

- аккредиттеу аттестатын, сарапшы-аудитор аттестатын тоқтата отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайлардан басқа, техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманың талаптарын сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың нұсқауларын орындамау не т и і с і н ш е о р ы н д а м а у , -

аккредиттеу аттестатынан, сарапшы-аудитор аттестатынан айыра отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - алпыстан жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші, екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), -

аккредиттеу аттестатынан, сарапшы-аудитор аттестатынан айыра отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің отыздан қырық беске дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - қырықтан бір жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

2) 317-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«317-2-бап. Тауардың шығарылуы туралы және (немесе) ішкі айналымға арналған сертификатты беру тәртібін, Кеден одағы тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын бұзу

1. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитордың тауар туралы деректері бұрмаланған және (немесе) дәйексіз болған тауардың шығарылуы туралы, Кеден одағы тауарының немесе шетелдік тауарлардың мәртебесін айқындау туралы актіні жасауы және сараптама ұйымының беруі, -

тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетелдік тауарлардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға - тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетелдік тауарлардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитордың біліктілік аттестатын алты ай мерзімге тоқтата тұрып не онсыз, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, сараптама ұйымдарына қызметін тоқтата тұрып не онсыз айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тауардың шығарылуы туралы және (немесе) ішкі айналымға арналған тиісті түрде ресімделген сараптама актісі және техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттар табыс етілген жағдайда тауардың шығарылуы туралы және (немесе) ішкі айналымға арналған сертификатты беруден бас тарту немесе Кеден одағы тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау туралы тиісінше рәсімделген актіні берген жағдайда Кеден одағының тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындыларын және Кеден одағы тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін растайтын мәліметтерді, құжаттарды беруден бас тарту, - аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарына, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындыларын беру жөніндегі уәкілетті органға (ұйымға) айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тауар туралы деректері бұрмаланған және (немесе) дәйексіз аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты, ішкі айналымға арналған тауарлардың шығарылуы туралы сертификатты, уәкілетті органның (ұйымның) Кеден одағының тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын беруі, -

аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасына, ішкі айналымға арналған тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты, Кеден одағының тауар немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындыларын беру жөніндегі уәкілетті органға (ұйымға) айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағы тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындыларын беру жөніндегі уәкілетті органның (ұйымның) тауарлардың шығарылуы туралы және (немесе) ішкі айналымға арналған сертификатты, Кеден одағының тауар немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындыларын немесе оны беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді шешім беру мерзімін бұзуы, - аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасына, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындыларын беру жөніндегі уәкілетті органға (ұйымға) айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

5. Тауардың шығарылуы туралы сертификат алу үшін техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын бұрмаланған және (немесе) дәйексіз құжаттарды, ішкі айналымға арналған тауарлардың шығарылуы туралы сертификатты алу үшін ішкі айналымға арналған тауарлардың шығарылуын растайтын бұрмаланған және (немесе) дәйексіз құжаттарды, сондай-ақ Кеден одағының тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындыларын алу үшін Кеден одағы тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін растайтын мәліметтерді, құжаттарды беру, - дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау, - тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға - тауардың шығарылған елін, Кеден одағының тауары немесе шетелдік тауарлардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды біліктілік аттестатынан айыра отырып не онсыз, айлық есептік көрсеткіштің отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарына, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағының тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындылар беру жөніндегі уәкілетті органға (ұйымға) - қызметін тоқтата тұрып, айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, сараптама ұйымдарына қызметін тоқтата тұрып, айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы . » ;

3) мынадай мазмұндағы 317-3-баппен толықтырылсын:

«317-3-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзу

1. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы:

1) егер мөлшері орауышында мәлімделгенге сәйкес келмесе, тауарларды буып-түю және буып-түйілген тауарларды кез келген орам түрінде өткізу кезінде ережені с а қ т а м а у ;

2) сауда операцияларын жүргізу ережесін бұзу, атап айтқанда сауда операциясын жасау кезінде иеліктен шығарылатын осы тауарлар салмағының көлемінің, шығыстарының немесе олардың санын сипаттайтын басқа да шамасының кассалық, тауарлық чекте немесе тексерілетін тауарды сатып алуды растайтын өзге құжатта көрсетілген тауар мөлшеріне сәйкессіздігі;

3) өлшеу құралдарын тексеру және калибрлеу, өлшеуді орындау әдістемелерін аккредиттеусіз метрологиялық аттестаттау;

4) түрін бекіту мақсаты үшін сынақтан немесе метрологиялық аттестаттаудан, сондай-ақ тексеруден өтпеген және (немесе) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енбеген өлшеу құралдарын және стандартты үлгілерді айналымға шығару, қолдану, өткізу және жарнамалау;

5) мемлекеттік метрологиялық бақылауға жататын және метрологиялық аттестаттаудан және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеуден өтпеген өлшеулерді орындау әдістемелерін қолдану, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің он бестен отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға аккредиттеу аттестатын, сарапшы-техник аттестатын, салыстырып тексеруші сертификатын тоқтата тұрып немесе онсыз жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманың талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың ұйғарымдарын орындамау немесе тиісінше орындамау, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге - қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға алпыстан жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға аккредиттеу аттестатын, сарапшы-техник аттестатын, салыстырып тексеруші сертификатын тоқтата тұрып немесе онсыз екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші, екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған әрекет (әрекетсіздік), -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге - қырық бестен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар

болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға аккредиттеу аттестатын, сарапшы-техник аттестатын, салыстырып тексеруші сертификатын тоқтата тұруға немесе онсыз үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . » ;

4) 356-баптың 3-тармағы «317-1,» деген цифрлардан кейін «317-3,» цифрлармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5) 541-баптың бірінші бөлігі «317-2,» цифрлардан кейін «317-3 (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 566-баптың бірінші бөлігі «317 (бірінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «317-3 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 636-баптың 1-тармағының 1) тармақшасының қыркыншы абзацы мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

«техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы органдар мен оның аумақтық органдарының (161 (төртінші бөлігі), 338-1 (үшінші, тоғызыншы, оныншы және он екінші бөліктері) 317 (екінші және үшінші бөліктері), 317-1, 317-2, 317-3 (екінші және үшінші бөліктері), 356, 496 (екінші бөлігі), 501-баптар);».

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149- құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электрондық ақша мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21

шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

135-баптың 2-тармағының екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын :

«3) ғылым саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын ғылым (ғылыми зерттеулер жүргізуді, автордың ғылыми зияткерлік меншікті пайдалануын, оның ішінде іске асыруын, стандарттау бойынша нормативтік құжаттар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды қоса алғанда), спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық іс-шараларынан басқа), мәдениет (кәсіпкерлік қызметтен басқа), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарихи-мәдени игілік объектілерінің тізіліміне немесе Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұра мен мәдени құндылықтарды сақтау (ақпарат таратуды және насихатты қоспағанда) бойынша қызметтер көрсету саласындағы, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызмет;»

3. «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 7, 165-құжат; 2004 ж. № 11-12, 62-құжат, № 23, 142-құжат, 2006 ж. № 3, 22-құжат ; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 11) және 17) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«11) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшы - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған жеке тұлға;»;

«17) өлшем құралын калибрлеу - мемлекеттік метрологиялық бақылауға жатпайтын өлшем құралының метрологиялық сипаттамасының шын мәнін анықтау мақсатында сол өлшем құралының көмегімен алынған шама мәні мен эталон арқылы анықталған шаманың тиісті мәні арасындағы ара қатынасты белгілейтін операциялар жиынтығы;»;

2) 5 - баптың 2 - тармағында :

11-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11-1) техникалық сарапшылар мен өлшем құралдарын салыстырып тексерушілерді

аттестаттау, қайта аттестаттау тәртібін, аттестаттау кезеңділігін, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;»;

13) тармақша алып тасталсын:

3) 9-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Уәкілетті органның шешімі бойынша Халықаралық бірлік жүйесіне кірмейтін шама бірліктерін қолдануға жол беріледі.»;

4) 13-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшы;»;

5) 14-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын жасау, жетілдіру, сақтау және қолдану, шама бірліктерінің өлшемдерін беру жүйесін жасауды қамтамасыз ететін, өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттар әзірлейтін, шама бірліктеріне салғастыру жүргізетін, өлшеу құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу нәтижелерін салғастыруға қатысатын, шама бірліктері мен өлшеу құралдарының эталондарын сынауды, метрологиялық аттестаттауды, салыстырып тексеруді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды, техникалық сарапшылар мен өлшем құралын аттестаттауды, қайта аттестаттауды жүзеге асыратын мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықтан тұрады.»;

6) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«16-1-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшылар

1. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшылар өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарды жүзеге асырады.

2. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшылардың қызметі өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.»;

7) 18-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«18-бап. Өлшем құралдарын жасау, жөндеу және өлшеу бірлігін қамтамасыз ету саласында аккредиттеу

1. Өлшем құралдарын жасауды және жөндеуді, сондай-ақ заттар мен материалдар, аттестатталған қоспалардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін жасауды жеке және заңды тұлғалар өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.»;

8) 19-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Өлшем құралдарын салыстырып тексеруге аккредиттелген заңды тұлғалар «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебін жүргізуді және оларды аккредиттеу жөніндегі органға

беруді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асыруы тиіс.

5. Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесіне сәйкес мемлекеттік метрологиялық қызметтің немесе аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің салыстырып тексерушілері жүзеге асырады. Салыстырып тексерушілерді аттестаттау уәкілетті орган белгілеген тәртіппен үш жылда бір рет жүзеге асырылады.»;

9) 2 3 - б а п т а :

2) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қоршаған ортаны қорғау, геология және гидрометрология саласындағы қызметті жүзеге асыру;»;

«6) қару-жарак, әскери техника өндіру;»;

8) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

10) 31-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын, мемлекеттік метрологиялық қызметке тиесілі шама бірліктерінің эталондарын жасауға және ұстауға арналған шығыстар қаржыландырылады.».

4. «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат, № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат):

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң Қазақстан Республикасында өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құқықтық негіздерін белгілейді.»;

2) 1 - б а п т а :

12), 13), 14), 16), 34), 36), 47), 49) және 51) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«12) ұлттық стандарт - уәкілетті орган бекіткен және тұтынушылардың қалың көпшілігіне қолжетімді стандарт;

13) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі - өз құзыреті шегінде техникалық реттеу саласындағы жұмыстарды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және нормативтік техникалық құжаттардың жиынтығы;

14) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізілімі - техникалық регламенттерді және нормативтік техникалық құжаттарды, стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді, сарапшы-аудиторларды, стандарттау жөніндегі сарапшыларды және сәйкестікті растау саласында берілген құжаттарды

е с е п к е

а л у

қ ұ ж а т ы ; »

«16) міндетті сертификаттау - сәйкестікті растау жөніндегі органдардың қатысуымен өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін р а с т а у р ә с і м і ; »

«34) сәйкестікті растау саласындағы құжат - сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттеу органы берген сәйкестік сертификаты немесе өнімді дайындаушы, жеткізуші қабылдаған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттеу органы тіркеген сәйкестік туралы декларация;»

«36) сәйкестікті растау, тауар шығарылатын мемлекетті анықтау, сарапшы-аудитор - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестатталған маман;»

«47) техникалық регламенттердің, стандарттардың және нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры - мемлекеттік органдардың өз құзыреттері шегінде қалыптастыратын техникалық регламенттерінің, стандарттарының және өзге де құжаттарының мамандандырылған қорларының жиынтығы;»

«49) техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіші - техникалық-экономикалық ақпарат объектілерінің жіктеу топтарының кодтары мен атауларының жүйеленген жиынтығын білдіретін құжат;»

«51) шет мемлекеттің стандарты - шет мемлекеттің стандарттау жөніндегі уәкілетті органы қабылдаған және тұтынушылардың қалың көпшілігіне қол жетімді стандарт;»;

мынадай мазмұндағы 14-1), 36-1) және 44-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) өнімді каталогтау жүйесі - өнімнің сипаттамасы мен дайындаушылары туралы ұйымдастырушылық-техникалық ақпараттық жүйе;»

«36-1) стандарттау жөніндегі сарапшы - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған жеке тұлға;»

«44-1) нормативтік техникалық құжат - техникалық және технологиялық нормаларды қамтитын және құқықтық нормаларды қамтымайтын нормативтік құжат;»;

3) 5-баптың 8) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«8) сәйкестікті растау, тауар шығарылатын елді анықтау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлар, стандарттау жөніндегі сарапшылар;

9) техникалық регламенттердің, стандарттардың және нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры.»;

4) 6-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

5) 7 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

6), 9) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі сараптамалық кеңестермен, жеке және заңды тұлғалармен техникалық реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл ж а с а й д ы ; »

«9) техникалық регламенттердің, стандарттардың және нормативтік техникалық

құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;»

«11) тауар шығарылатын елді анықтау, сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды және стандарттау жөніндегі сарапшыларды аттестаттау тәртібін айқындайды және оны ұйымдастырады, сондай-ақ оларды кәсіби даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастырады;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік техникалық құжаттарды, олар туралы ақпаратты техникалық регламенттердің, стандарттардың және нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру үшін ұсыну, сондай-ақ олармен пайдаланушыларды қамтамасыз ету тәртібін белгілейді;»;

екінші бөлікте:

1), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпараттың жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгертудің, жою және қолданысқа енгізу тәртібін белгілейді;»

«3) халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі ұсынымдарын есепке алу және Қазақстан Республикасының аумағында қолдану тәртібін белгілейді;»

«4) ұлттық, халықаралық және өңірлік стандарттардың, шет мемлекеттердің стандарттарын, стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі ережелер мен ұсынымдарды басып шығаруды және таратуды ұйымдастырады, олар туралы ақпаратты жариялайды;»;

үшінші бөлікте:

7) тармақшадағы «(салыстырмалар)» деген сөз «(салыстырмалары)» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) техникалық реттеу және менеджмент жүйелері саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және білімін бағалау тәртібін белгілейді.»;

6) 8-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасында қабылданатын жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес техникалық регламенттерді және ұлттық стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды;»;

7) 11-баптың 2-тармағының 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, халықаралық, өңірлік стандарттарды, шет мемлекеттердің стандарттарын және шет

мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, стандарттарын және оларға енгізілетін өзгерістерді әзірлеуге және оларға сараптама жасауға белгіленген тәртіппен қатысу;

3) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін дамыту бағдарламаларына техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарды әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау жатады.»

8) 12-баптың 3-тармағының 2) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сәйкестікті міндетті және ерікті растау жөнінде жұмыстар жүргізеді;»;

«5) сәйкестікті растау схемасына сай сәйкестігі міндетті растаудан өткен өнімге инспекциялық бақылау жүргізеді, олардың белгіленген талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда берілген сәйкестік сертификаттарының қолданысын немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеудің қолданысын уәкілетті орган белгілеген тәртіпте тоқтата тұрады немесе олардың күшін жояды.»;

9) 14-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) техникалық регламенттерді және ұлттық стандарттарды әзірлеу, оларға өзгерістер енгізу, күшін жою жөніндегі ұсыныстарды, техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың жобаларын дайындайды;»;

10) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Техникалық регламенттер, стандарттар және нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры

1. Техникалық регламенттердің, стандарттардың және нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын өз құзыреті шегінде уәкілетті орган және мемлекеттік органдар қалыптастырады.

2. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді қоспағанда, әзірленетін және қабылданған техникалық регламенттер, нормативтік техникалық құжаттар, ұлттық, шетелдік, халықаралық, өңірлік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, ұйымдардың стандарттары және стандарттау жөніндегі ұсынымдар туралы ресми ақпарат, сондай-ақ көрсетілген құжаттар пайдаланушыларға қолжетімді болуы тиіс.

3. Стандарттарды және стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу жөніндегі нормативтік құжаттарды, стандарттардың каталогтары мен сілтемелерін басып шығару және пайдаланушыларды олармен және олар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Құжатты әзірлеген тұлға әрбір стандарттың және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттың, сондай-ақ нормативтік техникалық құжаттың қабылданғаны туралы ақпаратты және олардың бір данасын стандарттау уәкілетті органға бірыңғай анықтамалық-библиографиялық деректер базасын қалыптастыру үшін жібереді.»;

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«16-бап. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың,
стандарттау жөніндегі сарапшылардың құзыреті»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Стандарттау жөніндегі сарапшылар стандарттарды және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу мен сараптау бойынша жұмыстарға қ а т ы с а д ы . » ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың біліктілік талаптарын, оларды даярлау және аттестаттау, сарапшы-аудиторға, сондай-ақ стандарттау жөніндегі сарапшыларға аттестат беру, оны тоқтата тұру немесе жою тәртібін уәкілетті орган б е л г і л е й д і . » ;

12) 17-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Техникалық регламенттерде санитарлық талаптар болуы мүмкін.»;

13) 20-баптың 1-тармағында:

3) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары мен техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері;»

б) шет мемлекеттердің стандарттары, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштер, шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі ережелері, нормалары мен ұ с ы н ы м д а р ы ж а т а д ы . » ;

4) тармақша алынып тасталсын;

14) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары

1. Ұлттық стандарттарды әзірлеу, келісу, қабылдау, есепке алу, өзгерту және оның күшін жою тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Ұлттық стандарттар:

1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің жалпы ұйымдастыру-әдістемелік ережелерін белгілейтін, негізге алынатын стандарттар;

2) өнімнің, көрсетілетін қызметтің біртекті топтарына, қажет жағдайда нақты өнімге, көрсетілетін қызметке қойылатын талаптарды белгілейтін өнімге, көрсетілетін қызметке арналған стандарттар;

3) процестерге арналған стандарттар;

4) өнімді, көрсетілетін қызметті, процестерді бақылау әдістеріне арналған стандарттар болып бөлінеді.

3. Негізге алынатын ұлттық стандарттарды уәкілетті органның кәсіпорындары ә з і р л е й д і .

4. Шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың нормалары мен стандарттары осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімсіз

немесе қолайсыз болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын әзірлеу кезінде негіз ретінде толық немесе і ш і н а р а қ о л д а н ы л а д ы .

5. Ұлттық стандарттарда :

- 1) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін өнімнің, процестердің қауіпсіздігі жөніндегі қажетті талаптар;
- 2) өнімді, көрсетілетін қызметті жіктеуге қойылатын талаптар;
- 3) өнімнің бірізділік, үйлесімділік және өзара алмастырушылық көрсеткіштері;
- 4) терминдер мен анықтамалар ;
- 5) өнімнің, көрсетілетін қызметтің сапа деңгейін айқындайтын тұтыну қасиеттері мен сипаттамаларын қоса алғанда, олардың функционалдық мақсатының көрсеткіштері ;
- 6) қабылдау, буып-түю, таңбалау, тасымалдау, сақтау, кәдеге жарату және жою е р е ж е л е р і ;
- 7) сапасы мен қауіпсіздікті сынау әдістері;
- 8) ресурстардың барлық түрлерін сақтауға және ұтымды пайдалануға қойылатын т а л а п т а р ;
- 9) менеджмент жүйесін енгізуді қамтамасыз ететін, өндірісті ұйымдастыруға қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ;
- 10) белгілі бір қызмет саласына арналған ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттағы ережелер, сондай-ақ жалпы техникалық нормалар мен ережелер белгіленуі м ү м к і н .

6. Ұлттық стандарттар өнімнің, көрсетілетін қызметтің шығарылған жеріне қарамастан, тең дәрежеде қолданылады.»;

15) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«22-бап. Қазақстан Республикасының техникалық-экономикалық ақпаратының ұлттық жіктеуіштері

1. Экономика салаларында қолданылатын және есепке алынуға тиіс техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуге және код қоюға жатады.

2. Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін әзірлеу ұлттық стандарттау жөніндегі жұмыстардың жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жү р г і з і л е д і .

3. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін әзірлеуді, жүргізуді және оларға өзекті сипат беруді жү з е г е а с ы р а д ы .

Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерінің тізілімін уәкілетті о р г а н жү р г і з е д і .

4. Қазақстан Республикасында техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және оларға код қою жүйесін құру мен оның жұмыс істеуін бақылау жөніндегі жұмыстарды

үйлестіруді уәкілетті орган белгілейді.»;

16) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұйымның стандарттары ұйым ішінде қабылданатын техникалық реттеудің объектілеріне, сонымен қатар өнімнің құрама бөліктеріне, терминологияға, қабылдау және бақылау жүйесіне, технологиялық жабдықтауға, құралдарға өз бетінше дайындалады және бекітіледі, сондай-ақ ұйымдардың қызметін менеджмент, дайындау және өндіріске шығару аясында басқару тізімге және тіркеуге алынбайды.

Қауіпсіздік талаптарын белгілейтін ұйым стандарттарының техникалық регламенттерінің талаптарына және олармен үйлестірілген стандарттарға қайшы к е л м е у і т и і с .

Ұйымдардың стандарттары міндетті сәйкестілікті растау үшін қабылданбайды.»;

17) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«24-бап. Халықаралық, өңірлік стандарттарды, шет мемлекеттердің ұлттық стандарттары мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын қолдану

1. Қазақстан Республикасының аумағында осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға сай келетін халықаралық және өңірлік стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, ережелер, нұсқаулықтар мен ұсынымдар, шет мемлекеттердің стандарттары, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, стандарттау жөніндегі ережелері, нормалары мен ұсынымдары қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н .

2. Халықаралық және өңірлік стандарттарды, шет мемлекеттердің стандарттарын Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары ретінде қолдану үшін:

1) Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарға мүшелігі;

2) стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының халықаралық ш а р т т а р ы н ы ң б о л у ы ;

3) стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық немесе өңірлік ұйыммен стандарттау жөніндегі уәкілетті органның келісімінің (шарттарының) болуы қ а ж е т т і т а л а п б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасы мүше болып табылмайтын халықаралық және өңірлік ұйымдардың стандарттарын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының қолдануы көрсетілген стандарттарға келісім-шарттар мен шарттарда сілтеме болған жағдайда жүзеге асырылады.

4. Халықаралық және өңірлік стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, ережелер мен ұсынымдарды, сондай-ақ шет мемлекеттердің стандарттарын Қазақстан Республикасының аумағында қолдану тәртібін уәкілетті о р г а н б е л г і л е й д і .

5. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуға тиіс халықаралық өңірлік

стандарттар, ұлттық стандарттар және шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға және олармен үйлестірілген стандарттарға қайшы келмеуге, сапалық көрсеткіштері бойынша мемлекеттік стандарттардан төмен болмауға және олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен келісілуге тиіс.

6. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық және өңірлік стандарттар, шет мемлекеттердің стандарттары Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарымен және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарымен бірдей әрі тең дәрежеде қолданылады.» ;

18) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:
«25-1-бап. Өнімді каталогтау жүйесі

1. Өнімді каталогтау жүйесі техникалық реттеу субъектілерін отандық өнімді өндірушілер және сипаттамалары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында құрылады .

2. Қазақстан Республикасында шығарылатын өнім каталогтау жүйесінде тіркелуге жатады .

Тіркеу осы баптың 1-тармағында көрсетілген мақсат үшін каталогтау жүйесіне енгізу арқылы іске асырылады .

3. Өнім каталогтау жүйесіне тіркеуге жататын, өнім өндірушілері, уәкілетті органға өндірілген (өндірілетін) өнім туралы ақпаратты өткізу уақытына дейін ұсынады.

Өнім каталогтау жүйесінде тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді . » ;

19) 29-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) сертификатталған өнімнің атауы және оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат ; » ;

20) 30-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:
«5. Сәйкестік белгісімен таңбаланған өнім, сәйкестік сертификатының көшірмелері қоса жүрмеуі мүмкін . »

21) 40-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) мынадай жағдайларда :
өнім техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сай келмеген;
сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнімнің сәйкестік сертификаттары (сәйкестік сертификаттарының көшірмелері), сәйкестік туралы декларациялары (сәйкестік туралы декларацияларының көшірмелері) болмаған;

өнімді оған құқығы болмай тұрып сәйкестік таңбасымен таңбалаған жағдайда, техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың бұзылу сипаты ескеріле отырып белгіленген мерзімде оның бұзылуын жою және (немесе) өнімді өткізуге тыйым салу туралы нұсқама шығаруға ; » ;

22) 46-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңға сәйкес техникалық регламенттер қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы аумағында тиісті ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың талаптары олар осы Заңның 4-бабының 1-тармағында белгіленген қауіпсіздік мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жағдайда міндетті болып табылады.»

5. «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 59-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1 - б а п :

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестатталған мамандар;»;

мынадай мазмұндағы 25-1) және 25-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«25-1) аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу – аккредиттация аттестатын кері қайтарып алу негіздемесі болатын себептерді жойғанға дейін ол аккредиттелген сәйкестікке аккредитациялау талаптарының сәйкессіздігі жағдайында аккредитация аттестатын кері қайтарып алу туралы аккредитация жөніндегі органның шешімі;

25-2) қайта аккредиттеу - аккредиттеу жөніндегі органы өтініш берушінің сәйкестікті бағалау саласында белгілі бір жұмыстарды орындау құзыреттілігін ресми т а н у д ы ң к е з е к т і р ә с і м і . » ;

2) 4-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) сәйкестікті растау жөніндегі, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшылар-аудиторлар, техникалық сарапшылар кіреді.»;

3) 7 - б а п т а :

2-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сәйкестікті растау жөніндегі сарапшылар-аудиторларды, техникалық сарапшыларды және басқа да мамандарды аккредиттеу жөніндегі жұмысқа қатысуға тарту;»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Комиссияның сандық құрамы тақ болуға, үш адамнан кем болмауға тиіс.»;

4) 8-баптың 5-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) аккредиттеу аттестатының қолданысы тоқтатылған не ол кері қайтарып алынған жағдайда аккредиттеу аттестатын аккредиттеу аттестатының қолданысын тоқтату немесе кері қайтару туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қ а й т а р у ғ а » ;

5) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар және техникалық

с а р а п ш ы л а р

1. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар және техникалық сарапшылар осы Заңға сәйкес сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысады.

2. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар және техникалық сарапшылар өз қызметін еңбек не азаматтық-құқықтық шарттың негізінде жүзеге асырады.»;

6) 13-баптың 2- тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қайта аккредиттеу осы баптың 1-тармағында көзделген барлық кезеңдерді сақтаумен жүргізіледі. Қайта аккредиттеуге өтінім Өтініш берушімен аккредиттеу аттестатының қызмет мерзімі аяқталуынан алты ай бұрын беріледі.»;

7) 15-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«3-1) сапа жөніндегі басшылық;

3-2) заңды тұлғаның және өкілдіктердің құрамындағы аккредиттелетін сәйкестікті растау жөніндегі органы немесе сынақ, калибрлеу және салыстырып тексеру зертханалары (орталығы) туралы ереже;»;

8) 16-баптың 4-тармағы 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) аккредиттеу жөніндегі органның құжаттарға қайта сараптама жасаған кезде немесе өтініш берушіні орналасқан жері бойынша қайта тексерген кезде тиісінше алғашқы қорытындысындағы немесе тексеру жөніндегі топтың есебінде көрсетілген сәйкессіздіктерді анықтауы;»;

9) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұсынылған құжаттардың сараптамасы шарт жасалған кезден бастап есептелетін отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

2 . Қ о р ы т ы н д ы с ы н д а :

1) ұсынылған құжаттардың аккредиттеу критерийлеріне сәйкестік бағасы;

2) нақты критерийлер бойынша (сәйкессіздік болған кезде) құжаттардың сәйкессіздігін көрсету;

3) ұсынылған құжаттарды түзету жөніндегі (қажет болған жағдайда) ұсынымдар және өтініш берушінің осы ұсынымдарды орындауын растау тәртібі;

4) ұсынылған құжаттардың аккредиттеу критерийлеріне сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы тұжырымдар қамтылуға тиіс.

3. Қорытынды негізінде аккредиттеу жөніндегі орган мынадай:

1) өтініш берушіні орналасқан жері бойынша тексеру туралы;

2) өтініш берушінің анықталған сәйкессіздіктерді жоюы туралы шешімдердің бірін қ а б ы л д а й д ы .

Шешімнің көшірмесі өтініш берушіге жіберіледі.

4. Өтініш беруші шешімнің көшірмелерін алған кезден бастап отыз жұмыс күні

ішінде анықталған сәйкессіздіктерді жояды және ол туралы аккредиттеу жөніндегі органға хабарлайды. Аккредиттеу жөніндегі орган хабарламаны алған кезден бастап жеті күн ішінде, қажет болған кезде құжаттарға қайтадан сараптама жүргізеді.»;

10) 18-баптың 3 және 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тексеру жөніндегі топ кемінде үш адамнан құралуы керек, топ жетекшісі болып құжаттарға сараптама жүргізген аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитор тағайындалады.

10. Өтініш беруші шешімнің көшірмесін алған кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде тексеру кезінде анықталған сәйкессіздіктерді жояды және оларды жойғаны туралы аккредиттеу жөніндегі органға хабарлайды, одан кейін аккредиттеу жөніндегі орган оған қайта тексеру жүргізеді. Тексеру мерзімі тексеру жөніндегі топтың өтініш берушінің орналасқан жеріне келген күнінен бастап есептелетін бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.»;

11) 21-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1) Қайта аккредиттеу жүргізу кезінде бұрын берілген аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі осы Заңның 13-бабының 2-тармағында белгіленген мерзім сақталған жағдайда, үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.»;

1 2) 2 3 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) аккредиттеу субъектісінің құжаттарында көрсетілген нормативтік құжатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген және (немесе) жаңа нормативтік құжатты қолданысқа енгізген;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аккредиттеу жөніндегі орган құжаттар түскен кезден бастап оларды он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Оң шешім жағдайында және аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеуге негіздер жоқ болған кезде аккредиттеу жөніндегі орган енгізілген өзгерістерді назарға алады, ал қажет болған жағдайда аккредиттеу саласын айқындайтын құжатты қайта бекітеді, ол туралы аккредиттеу субъектісіне жазбаша хабарлайды.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Аккредиттеу материалдарын жаңартудан бас тарту туралы шешімді аккредиттеу жөніндегі орган ұсынылған құжаттарда және мәліметтерде дұрыс емес ақпарат және (немесе) аккредиттеу саласын кеңейтуге қатысты ақпарат анықталған жағдайда қабылдайды.»;

13) 25-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Инспекциялық тексеру аккредиттеуден кейінгі шарт негізінде жүзеге асырылады. Бірінші инспекциялық тексеру аккредиттеу аттестаты берілген күннен бастап он екі айдан кешіктірмей жүргізіледі. Кейінгі инспекциялық тексерулер он екі айдан ерте, бұрынғы инспекциялық тексеру жүргізілген сәттен бастап жиырма төрт айдан кеш

ж ү р г і з і л м е й д і .

Аты-жөні көрсетілмеген өтініштерді қоспағанда, аккредиттеу субъектісінің сәйкестікті бағалау жөніндегі қызметте жөнсіздіктерге жол бергені туралы жеке немесе заңды тұлғадан өтініш түскен жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган кезектен тыс инспекциялық тексеру жүргізуге құқылы.»;

1 4) 2 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) аккредиттеу субъектісінің сәйкестікті бағалау жөніндегі қызметіндегі бұзушылықтары туралы уәкілетті органның хабарламасы;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) салыстырмалы сынақтардың және (немесе) өлшем құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеу қорытындыларын салғастырудың анықталған теріс қорытындыларын жоймағанда кері қайтарып алады.»;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) аккредиттеу субъектісінің жазбаша өтінішінің болуы.».

2-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 13) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті